



**Автор:** Алдиярова Меруерт Тлеубергеновна

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 4-сынып






**Бөлім:** Презентациялар

**Тақырып:** Презентацияларға арналған ақпарат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.3.1 слайд үшін макет таңдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Презентацияға слайд қосу үшін Слайд құру командасын орындау. Басым көпшілігі: Слайдқа макет таңдау Кейбір оқушылар: Арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Презентация, слайд, макет, дизайн Түйін сөздер: Презентация- Презентация- Presentation Слайд-Слайд-Slide Макет-Макет-Layout Дизайн-Дизайн-Design Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Мен осы дизайнды таңдадым, себебі... Әдемі презентация болу үшін қосу керек ...
Күтілетін нәтиже:	Презентацияға слайд қосу үшін слайд құру командасын орындайалады.
Бағалау критерийлері:	- Презентацияға слайд қосу үшін Слайд құру командасын орындайды. - Слайдқа макет таңдайды. - Арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолданып презентация жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету. - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд
Пәнаралық байланыс:	Математика- Дүниетану, Өнер (дайын дизайнмен жұмыс); Ағылшын тілі, Орыс тілі- терминдерді қолдану
Бастапқы білім:	Презентацияға арналған ақпарат

### Сабақ барысы


Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ұйымдастыру кезені. Сыныпта психологиялық жағымды ахуал орнатамын. «Аялы алақан» әдісі бойынша бір-біріне жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Оқушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» - сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы оқушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында оқушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды). Сынып оқушыларымен «Мозайка» әдісін қолданып, сурет қиындыларын біріктіру арқылы топқа бөлінеді. - Қалай ойлайсыңдар, құрастырған суреттерің нені білдіреді? (Оқушылар жауаптар ұсынады, және де кілт сөздерді анықтайды: ақпарат, іздеу, интернет). Алдыңғы білімді еске түсіру: «Ғажайып қоржын» ойыны. Қоржын ішінде өтілген тақырыптар жазылған 5 сұрақ жасырылады. Оқушылар әр бір сұраққа жауап беріп ұпайларын алып отырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Презентацияға фигураларды қалай қоюға болады?</li> <li>2. Презентацияға ақпаратты қайдан аламыз?</li> <li>3. Слайд дегеніміз не?</li> <li>4. Презентация жасау үшін қандай әрекеттер орындау керек?</li> <li>5. Неге презентацияға арналған ақпараттарды іздегенде ғаламторды көбірек қолданамыз?</li> </ol> <p>Бағалау: Смайликтер арқылы бағалау</p>	<p>Оқулық, қима қағаздар,      Сурет, кеспе</p> <p></p> <p>Өте жақсы  </p> <p>Жақсы  </p> <p>Талпын</p>
----------------------	---	---

Сабақтың ортасы

Мұғалімнің түсіндіруі: «Блум таксономиясы»: Слайд арқылы мұғалім оқушыларға жаңа сабаққа қысқаша түсінік беріледі. Презентацияға слайд қосу үшін Басты (Главная) – Слайд құру (Создать слайд) командасын орындаймыз. Жаңа слайд құру барысында өзімізге ұнаған макетті таңдауға болады: титулық слайд немесе әртүрлі нысандары бар слайд т.б (64 сурет)


Image not found or type unknown



64- сурет Слайдқа макет таңдау


Егер таңдаған слайдтың түсі ұнамаса, Дизайн -Түстер - Тақырыптың жаңа түстерін құру командасын орындап, пайда болған сұхбат терезесіне өзімізге өзімізге ұнаған түсті қойып, сақтай аламыз. Презентация құрғанда безендіру шаблондарын қолдану үшін мына командалар орындалады: Файл - Құру (Создать) командасын орындап, Презентация құру (Создать презентацию) терезесінде Безендіру шаблондары (Шаблоны оформления) бетін ашу керек (65 сурет).

Image not found or type unknown



Презентация 1-2  
«Арман- ПВ» 2019 жыл,89  
бет

«Арман - ПВ»баспасы, 2019  
жыл, 92- бет



A4 парағы, АКТ 4- сынып,  
«Арман - ПВ»баспасы, 2019  
жыл, 92- бет

Сабақтың соңы	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:	
Рефлексия	<ul style="list-style-type: none"><li>- Бүгін нені түсіндің:</li><li>- Сен үшін тақырып қаншалықты маңызды:</li><li>- Сабақта неден қиналдың:</li></ul>	